

**«Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы» АҚ
«Қоғамдық денсаулық сақтау» кафедрасы**

Тәуелсіз сарапшылар

Орындаған: Дүйсенбиева Л.А.

Тобы: 502«Б» ҚДС

**Қабылдаған: Курбанова Қ.Т. магистр, аға
оқытушы**

Шымкент 2018 жыл



Жоспар

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

Денсаулық сақтау саласындағы тәуелсіз
сарапшыларды тарту қағидалары

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Сарапшы (латын тілінде *expertus* – тәжірибелі) арнайы ғылыми ілімдерді меңгерген, белгілі бір істің, мәселенің қаралуында дәл, соңғы тұжырым беріп, сараптама жасайтын білікті маман.

Тәуелсіз сарапшыларды тартудың мақсаты:

денсаулық сақтау субъектілерінің кадрлық, материалдық-техникалық ресурстарын оңтайлы пайдаланудың және қазіргі заманғы медициналық технологияларды қолданудың негізінде пациенттердің қажетті көлемдегі және тиісті сападағы медициналық көмек алу құқықтарын қамтамасыз ету;

денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін бағалаудың ашықтығы мен объективтілігін, медицина қызметкерлерінің құзыретін, мамандардың біліктілік деңгейін қамтамасыз ету болып табылады.



Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

тәуелсіз сараптама – көрсетілетін медициналық қызметтердің тиімділігінің, толықтығының және стандарттарға сәйкестігінің көрсеткішін көрсететін индикаторларды пайдалана отырып, денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық қызметтер сапасының деңгейі туралы қорытынды шығару мақсатында, сондай-ақ мамандардың біліктілік деңгейін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;

тәуелсіз сарапшы – денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне тәуелсіз сараптама жүргізу үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген жеке тұлға;

тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер – денсаулық сақтау саласында тәуелсіз сараптама жүргізуді жүзеге асыратын, белгіленген тәртіппен және жарғылық қызметіне сәйкес тіркелген ұйымдар;

медициналық көмектің сапасы – көрсетілетін медициналық көмектің денсаулық сақтау саласындағы медициналық ғылым мен технологияның қазіргі заманғы даму деңгейі негізінде белгіленген стандарттарға сәйкестік деңгейі;

сараптама қорытындысы – денсаулық сақтау саласындағы заңнамада белгіленген талаптардың сақталуына тәуелсіз сарапшының алдына қойған мәселелер бойынша негізделген тұжырымдар;

медициналық қызметтер сапасының сараптамасы – тиімділігі, толықтығы мен медициналық қызметтер стандарттарына сәйкестігінің көрсеткіші көрсетілетін индикаторларды пайдалана отырып, жеке және заңды тұлғалар ұсынатын медициналық қызметтер сапасының деңгейі бойынша қорытынды шығару үшін жүзеге асырылатын ұйымдастыру, талдамалық және практикалық іс-шаралардың жиынтығы.

Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылайтын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 қазандағы №1559 қаулысымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу ережесіне сәйкес тәуелсіз сарапшыларды аккредиттейді, әрбір тәуелсіз сарапшы туралы мынадай мәліметтерді қамтитын тәуелсіз сарапшылардың дерекқорын қалыптастырады (тәуелсіз сарапшылар туралы мәліметтер уәкілетті органның Интернет-ресурсында орналастырылады):

- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
- 2) туған күні;
- 3) ұлты;
- 4) білімі;

- 5) тұрғылықты жері;
- 6) мамандығы;
- 7) жұмыс орны;
- 8) лауазымы;

- 9) біліктілік санатының бар-жоғы туралы;
- 10) ғылыми дәрежесінің бар-жоғы туралы;
- 11) тілдерді білуі туралы;
- 12) соңғы бес жылда біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарынан өткені туралы;

- 13) ғылыми мақалаларының, жарияланымдарының бар-жоғы туралы;
- 14) денсаулық сақтауды басқару органдарының шақырғаны туралы;
- 15) халықтың және мүдделі тұлғалардың шақырғаны туралы;
- 16) медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау мемлекеттік органының шақырғаны туралы;
- 17) тексерістерге шақырылғаны туралы.

Тәуелсіз сарапшыларды немесе тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктерді (оның ішінде):

мемлекеттік орган
мен оның
аумақтық
бөлімшелері;

*Тәуелсіз сарапшыларды
тарту тәртібі*

заңды
тұлғалар
(соның ішінде
денсаулық
сақтау
субъектілері);

жеке тұлғалар денсаулық сақтау саласында тәуелсіз сараптама жүргізу үшін тартады.

Тәуелсіз сарапшыларды мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері денсаулық сақтау субъектілерінің қызметін мынадай бағыттар бойынша сараптауға тартады:


1.Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен медициналық қызметтердің сапасына сыртқы сараптама жүргізу;

2.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 12 қазандағы № 1559 қаулысымен бекітілген Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу ережесіне сәйкес медициналық ұйымдарды аккредиттеуді жүргізу;

3.Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы №661 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау саласында біліктілік емтиханын өткізу ережесіне сәйкес біліктілік санатын беруге үміткерлердің біліктілік деңгейін анықтау.

Мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшелері қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын тәуелсіз сарапшыларды жеке тұлға ретінде немесе қоғамдық бірлестік құрамында тартады.

Тәуелсіз сарапшы өзінің негізгі медициналық, фармацевтикалық мамандығы ескеріле отырып, сараптамаға шақырылады. Тәуелсіз сараптама жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу орындалған жұмыстар актісі негізінде және мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.



Денсаулық сақтау субъектілері тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын тәуелсіз сарапшыларды немесе қоғамдық бірлестіктерді азаматтық заңнамаға сәйкес шарт негізінде денсаулық сақтау субъектісінің клиникалық қызметін бағалауды жүргізу үшін, олардың денсаулық сақтау саласындағы белгіленген стандарттарға сәйкестігін анықтау, денсаулық сақтау субъектісінің аккредиттеу рәсіміне дайындалуына әдістемелік көмек көрсету үшін тартады.





Өзге де заңды тұлғалар пациенттің құқығын іске асыру мақсатында денсаулық сақтау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, азаматтық заңнамада көзделген тәртіппен шарт негізінде тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын тәуелсіз сарапшыларды немесе қоғамдық бірлестіктерді тартады. Нақты жағдай бойынша тәуелсіз сараптама жүргізуге мүдделі жеке тұлғалар азаматтық заңнамада көзделген тәртіппен шарт негізінде тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын тәуелсіз сарапшыларды немесе қоғамдық бірлестіктерді тартады.

Қорытынды



Егер:

- 1) тәуелсіз сарапшы тексерілетін денсаулық сақтау субъектісімен еңбек немесе шарттық қарым-қатынаста болса;
- 2) өзімен туыстық немесе өзге де қарым-қатынастағы тұлғалардың мүддесін қозғаса;
- 3) олар жүргізілген сараптаманың нәтижелеріне мүдделі болса;
- 4) өтініш иесі өзінің алғашқы өтініші бойынша тексеруге бұрын қатыспаған тәуелсіз сарапшының қатысуымен қайтадан сараптама жүргізу туралы өтініш білдірсе, тәуелсіз сарапшылар **сараптамаға тартылмайды.**

Тәуелсіз сарапшы:

- 1) денсаулық сақтау субъектісінің медициналық қызметтері сапасына сыртқы сараптама жүргізу кезінде жүргізілетін сыртқы сараптама мәніне қатысты қажетті ақпаратты сұратады;
- 2) егер алға қойылған мәселелер оның арнайы білімінің шегінен тыс немесе ұсынылған материалдар сараптама қорытындысын беру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, сараптама қорытындысын ұсынудан бас тартады;
- 3) денсаулық сақтау субъектісіне медициналық көмекті ұйымдастыруды жақсарту және сапасын арттыру бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 4) сараптама жүргізу аяқталысымен осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік орган немесе оның аумақтық бөлімшесі белгілеген мерзімде не тараптардың келісімі бойынша сараптама қорытындысын ұсынады;
- 5) тәуелсіз сараптаманың заңдылығын, құзыреттілігін және адалдығын қамтамасыз етеді;
- 6) қызметтік ақпараттың құпиялылығын, кәсіби этика қағидаттарын сақтайды;
- 7) тәуелсіз сараптама жүргізу құралдары мен әдістерінің ғылыми негізділігін **қамтамасыз етеді.**



- ✓ Тәуелсіз сарапшы жүргізілген сараптаманың нәтижелері бойынша сараптама қорытындысы үшін қылмыстық заңнамаға сәйкес дербес жауапты болады, сондай-ақ оған жасасқан шарт талаптарында көзделген материалдық жауапкершілік жүктеледі.

Сараптама қорытындысы

1. Аккредиттелген тәуелсіз сарапшы _____
(Т.А.Ә., мамандығы, біліктілік
санаты, ғылыми дәрежесі, ұйымның атауы)

2. Тапсырыс беруші _____

3. Сараптама жүргізудің негіздемесі _____

4. Сараптама жүргізу мерзімі: 20 ____ жылғы « » _____ 20 ____ жылғы « » _____ дейін.

5. Сараптаманың мәні _____

6. Сараптама жүргізу жоспары _____

7. Қорытынды _____

8. Ұсыныстар мен ұсынымдар _____

Тәуелсіз сарапшы _____

(қолы, Т.А.Ә.)

Күні 20 ____ жылғы « »



CERTIFICATE OF COMPLETION


This certificate is awarded to

Ivan Ivanov

is recognition of successful completion of 2-days training:

GOOD CLINICAL PRACTICE Basic course (10 hours)

Samara
The 15-16th of March 2013



Alexey BUTYLIN, MD, PhD

Managing Director
Moscow Branch Office
CROCUS Medical BV
(The Netherlands)

GUTE LABORPRAXIS / GOOD LABORATORY PRACTICE

GLP-Bestätigung / Statement of GLP Compliance

(gemäß / according to § 19b Abs. 2 Nr. 3 Chemikaliengesetz / German Chemicals Act)

Eine GLP-Inspektion zur Überwachung der GLP-Grundsätze wurde durchgeführt in /
Assessment of conformity with the GLP Principles was carried out at

Prüfeinrichtung / Test facility

**Scientific Center of Anti-infectious Drugs
SCAID
75, Al Farabi Ave
Academic Campus 60
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan**

Anwendungsbereich / Area of Expertise

**Prüfungen zur Bestimmung der physikalisch-chemischen
Eigenschaften und Gehaltsbestimmungen /
Physical-chemical testing
Prüfungen zur Bestimmung der erbgutverändernden
Eigenschaften (in vitro) /
Mutagenicity studies - in vitro**

Datum der Inspektion / Date of Inspection

29th August until 3rd September, 2013

Auf der Grundlage des Inspektionsberichtes wird hiermit bestätigt, dass in dieser Prüfeinrichtung die oben genannten Prüfungen unter Einhaltung der GLP-Grundsätze durchgeführt werden können. /
Based on the inspection report it can be confirmed, that the test facility is able to conduct the aforementioned studies in compliance with the Principles of GLP.

Eine Überprüfung dieser GLP-Bestätigung ist spätestens Ende März 2015 zu beantragen. Ohne diesen Antrag wird nach Ablauf der Frist die Prüfeinrichtung aus dem deutschen GLP-Überwachungsprogramm genommen und diese GLP-Bestätigung verliert ihre Gültigkeit. /
Verification of this Statement of GLP Compliance has to be applied end of March 2015 at the latest. Elapsing this term, the test facility will be taken out of the German GLP Monitoring Programme and this Statement of GLP Compliance becomes invalid.



March 31, 2014

Im Auftrag / For the Director

**Dr. Wolf Burchard Bulling
GLP-Bundesstelle / GLP Federal Bureau**

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Макаров С.Ф. Менеджер за работой.-М., молодая гвардия, 2015. (26–29 бет)
2. Руководитель коллектива. Наше общество сегодня и завтра. –Л., 2012-23 ст.(20–25 бет)
3. Бобрыщев Д.Н. Основные категориитеории аккредитации. М.: 2015-189 ст.(30–35 бет)
4. Гвишиани Д.М. Организация и аккредитация. М. Наука, 2013-535 ст. .(120 – 128 бет)
5. Оксфордский учебный словарь английского языка (А.С. Хориби – Оксфорд: Изд-во Оксвордского ун-та, 2012-англ. яз.), (13–15 бет)
6. Шағын кәсіпкерлікті басқару. О. Сәбден. А. Тоқтанова. «Білім». Алматы, 2015ж. (32–35 бет)

*Назарларыңызға
рахмет!!!*

